

Әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 5 қарашадағы N 263-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2003 жылғы 8 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2599. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту: Тақырыбы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 79-НҚ бұйрығымен .

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-1 және 15-баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереженің 21-тармақтың б) тармақшасына сәйкес, әуежайлар мен аэронавигация қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін берудің бірыңғай тәртібі мен шарттарын белгілеу мақсатында, бұйырамын:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу Агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 23 ақпандағы N 58-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Әуежайлар мен аэронавигация реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесі бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді- ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 79-НҚ бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Көлік және телекоммуникациялар секторларын реттеу жөніндегі департаменті (М.А.Дәрібаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңда белгіленген тәртіппен тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Б.Б.Досан) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында белгіленген тәртіппен жариялануын қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің, "Қазаэронавигация" РМК-ның назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ж.Ж.Ертілесоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Келісілді:

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрі

2003 жылғы 21 қазан

Қазақстан Республикасының Табиғи
монополияларды реттеу және
бәсекелестікті қорғау жөніндегі
агенттігі төрағасының 2003 жылғы
5 қарашадағы N 263-НҚ бұйрығымен
бекітілген

**Әуежайлар мен аэронавигация реттеліп көрсетілетін
қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар
ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту
Ережесі**

Ескерту: Тақырыбына өзгертулер енгізілді және барлық мәтін бойынша " белгілеу және алып тастау", "белгілеу", "белгіленген", "белгілеуге", "белгілеудің", "белгіленіп отырған" деген сөздер тиісінше "бекіту", "бекітілген", "бекітуге", " бекітудің", "бекітіліп отырған" деген сөздермен ауыстырылды, "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне, Қазақстан

Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне," , " Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі," , " Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі," , " Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі," , " Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің," деген сөздер алып тасталсын - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.11 N 79-НҚ, 2010.12.30 N 360-НҚ (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. Жалпы ережелер

1. Әуежайлар мен аэронавигация реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен бекітілген Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға (1944 жыл Чикаго), " Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі, "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына және әуежайлар мен аэронавигация қызмет саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы Ереже әуежайлар мен аэронавигация реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 79-НҚ бұйрығымен.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

әуе кемелерін пайдаланушы - әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе өздерінің осы саладағы қызметтерін ұсынатын, әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы заңды немесе жеке тұлға;

әуе кемесіне тиеу коэффициенті – әуе кемесіндегі отырғызу орындарының санына тасымалданатын жолаушылардың санының қатынасы;

құзыретті орган - өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметін және әуе кеңістігін пайдалануды үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

мерзімі өткен кредиторлық берешек - төлем мерзімдері туралы шартқа сәйкес әуе кемелерін пайдаланушының әуежай немесе аэронавигациялық ұйымы алдындағы қаржылық міндеттемелерінің, ақшалай қарыздарының белгіленген мерзімде атқарылмаған сомасы;

өтеу кестесі - әуе кемелерін пайдаланушының, әуежайдың немесе аэронавигациялық ұйымның бірінші басшысының қолымен расталған, әуежайдың немесе аэронавигациялық ұйымның алдында әуе кемелерін пайдаланушының мерзімі өткен кредиторлық берешегін өтеу кестесі;

өтініш беруші – уақытша төмендету коэффициентін бекітуге өтінімді ұсынған әуе кемесін пайдаланушы, әуежай немесе аэронавигация ұйымы;

табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) – табиғи монополия саласындағы табиғи монополия субъектісі ұсынатын және көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыға белгілі бір тауар беру түрінде ұсыну жағдайларын қоса алғанда, уәкілетті органның мемлекеттік реттеуіне жататын көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар);

уақытша төмендету коэффициенті – тұтынушылар мен табиғи монополия субъектісінің мүдделерін қорғау мақсатында уәкілетті орган белгілеген және тарифке (бағаға, алым ставкасына) қолданылатын шама;

уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

шартты-ауыспалы шығындар – реттеліп көрсетілетін қызметтер көлеміне тәуелді реттелетін қызметтер ұсынуға байланысты субъектінің шығындары.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2011.06.07 № 162-НҚ (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту принциптері

4. Уақытша төмендету коэффициенттері мемлекет, әуе кемелерін, әуежайларды пайдаланушылар немесе аэронавигациялық ұйым үшін осы шараның экономикалық тиімділігі мен мақсаттылығын есептеу негізінде белгіленеді.

Уақытша төмендету коэффициентін бекітудің экономикалық тиімділігі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің, әуежай немесе аэронавигациялық ұйымның және әуе кемелерін пайдаланушы табыстарының артуымен, халықтың жұмыспен қамтылу деңгейімен және мемлекеттік бюджетке түсетін табыстың көбеюімен белгіленеді.

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 79-НҚ бұйрығымен .

5. Әуежайдың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне уақытша төмендету коэффициенттері мынадай өлшемдердің біреуіне сәйкес келген жағдайда белгіленеді:

1) белгілі бір кезеңге арналған өтінімде көрсетілген әуе кемелеріне жерде қызмет көрсетудің жоспарланған тұтыну көлемі өткен жылдың осы кезеңіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді нақты тұтыну көлемінен асады;

2) әуежайдың іске қосылмаған немесе шамалы іске қосылған қуатын пайдалану мүмкіндігі;

3) субсидияланатын авиакомпанияны қоспағанда, осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген өлшемге жатқызылған жағдайда әуе кемесін тиеу коэффициенті 0,5-тен кем құрайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттері мынадай өлшемдердің біреуіне сәйкес келген жағдайда белгіленеді:

1) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелерінің ұшу жиілігінің өсуі және (немесе) жаңа бағыттарды тарту;

2) іске қосылмаған немесе шамалы іске қосылған әуе трассаларын пайдалану мүмкіндігі;

3) Қазақстан Республикасы әуе кеңістігі шегінде ішкі тұрақты авиарейстерді орындайтын әуе кемелеріне қызмет көрсету кезінде уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін аэронавигациялық қызметтерге бекіткен ставкаларға 0,5 коэффициентін қолдану арқылы әуе тасымалдаудың республикалық нарығын дамыту үшін қолайлы жағдай жасау.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Уақытша төмендету коэффициенттерін пайдалану кезінде әуежайлар және (немесе) аэронавигациялық ұйым алған табыстар тиісті реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетумен байланысты шартты-ауыспалы шығындарды жабуға тиіс.

Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша шартты-ауыспалы шығындардың тізбесі осы Ережеге 3-қосымшада келтірілген.

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 79-НҚ, 2010.12.30 N 360-НҚ (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

8. Осы Ереженің 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес уақытша төмендету коэффициенттері ұсынылатын жағдайды қоспағанда, әуе кемелерін пайдаланушы үшін уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту әуежайдың және (немесе) аэронавигациялық ұйымның алдында қызметтерге ақы төлеу бойынша мерзімі өткен кредиторлық берешегі болмаған жағдайда немесе кредиторлық берешегін өтеу кестесіне сәйкес өтеген жағдайда жүргізіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2011.06.07 № 162-НҚ (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

9. Уақытша төмендету коэффициенттері шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң бір күнтізбелік жылдан аспайтын белгілі бір уақытқа қолданысқа енгізіледі.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2010.12.30 N 360-НҚ (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

3. Уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің тәртібі

10. Уәкілетті орган уақытша төмендету коэффициенттерін әуе кемелерін пайдаланушы, әуежай немесе аэронавигациялық ұйым (бұдан әрі - өтінім беруші) Ереженің 1-қосымшасына сай өтінімдер мен негіздеуші құжаттарды мынадай талаптарды сақтай отырып ұсынған жағдайда бекітеді:

негіздеуші құжаттардың әрбір парағына бірінші басшы, ал қаржы құжаттарына бас бухгалтер де қол қояды. Бұл жағдайда факсимильдік қол жарамсыз деп танылады;

алдыңғы кезең ішіндегі қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша нақты деректер, сондай-ақ оларды бекітуді сұрап отырған кезеңге уақытша төмендету коэффициенттерін қолданудан күтіліп отырған нәтижелер ұсынылады.

Бұл ретте, әуе кемелерін пайдаланушы уәкілетті органға өтінімді және негіздеуші құжаттарды екі данада ұсынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Уәкілетті орган уақытша төмендету коэффициенттерін бекітуге өтінім түскен күнінен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде ұсынылған өтінімді қарауға қабылдау туралы не қарауға қабылдаудан бас тарту туралы өтінім берушіні жазбаша түрде хабардар етеді. Әуе кемелерін пайдаланушының өтінімі қарауға алынған жағдайда уәкілетті орган оның бір данасын әуежайға және (немесе) аэронавигация ұйымына қорытынды шығарту үшін жібереді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Осы Ережеге сәйкес талап етілетін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе толық көлемде ұсынбаған жағдайда уәкілетті орган өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартады.

Ескерту: 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2010.12.30 N 360-НҚ (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

13. Өтінім беруші уәкілетті органның өтінімді қарауға қабылдағаны туралы хабарламаны алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде құзыретті органның қарауына аталған өтінімді алынған хабарламамен бірге жолдайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Құзыретті орган, әуежай және (немесе) аэронавигациялық ұйым өтінім берушіден өтінімді алған күнінен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде уәкілетті органға қорытынды ұсынады, онда уақытша төмендету коэффициентінің ұсынылып отырған деңгейін бекіту мақсаттылығының негіздемесі не оны бекіту мақсатсыздылығының негіздемесі көрсетіледі.

Уақытша төмендету коэффициентін бекітуден бас тартылған жағдайда, уәкілетті орган дәлелді қорытынды шығарады, ол құзыретті органға, әуе кемелерін пайдаланушыға және (немесе) аэронавигациялық ұйымға жіберіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Уәкілетті орган әуе кемелерін пайдаланушы ұсынған негіздеуші құжаттардың сараптамасын ескере отырып, құзыретті орган, әуежай және (немесе) аэронавигациялық ұйым ұсынған қорытындылардың негізінде өтінім қарауға қабылданған сәттен бастап 45 күнтізбелік күнінің ішінде шешім қабылдайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Уәкілетті орган құзыретті органның, әуежайдың, аэронавигациялық ұйымның, әуе кемелерін пайдаланушылардың өкілдерінің және тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен уақытша төмендету коэффициентін қолдану мәселелері бойынша кеңес өткізеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18. Өткізілген сараптама қорытындысы бойынша уәкілетті орган уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы не оларды бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту туралы шешім уәкілетті органның бірінші басшысының бұйрығы түрінде қабылданады.

Уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту туралы уақытша төмендету коэффициенті құзыретті органға, әуе кемелерін пайдаланушыға, әуежайға және (немесе) аэронавигациялық ұйымға бұйрық қолданысқа енгізілгенге дейін кем дегенде 5 күнтізбелік күн бұрын жіберіледі.

Ескерту: 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2010.12.30 N 360-НҚ (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

19. Әуежай және (немесе) аэронавигациялық ұйым тоқсан сайын уәкілетті органға осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес әрбір әуе кемелерін пайдаланушы жөнінде уақытша төмендету коэффициенттерін қолданып нақты реттеліп көрсетілген қызмет көлемдері туралы ақпарат ұсынады.

Ескерту: 19-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 79-НҚ бұйрығымен .

4. Әуежайлар мен аэронавигация реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін қолдану тәртібі

Ескерту: 4-бөлімнің тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 79-НҚ бұйрығымен .

20. Әуежай және аэронавигациялық ұйым уәкілетті органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген уақытша төмендету коэффициенттерін әуежай немесе аэронавигациялық ұйым мен әуе кемелерін пайдаланушы арасында жасалған шарт (шартқа қосымша) негізінде қолданады. Осы шарт (шартқа қосымша) бекітілген уақытша төмендету коэффициенттерін қолдану кезеңін және әуежайдың немесе аэронавигациялық ұйымның реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынудың мәлімделген көлемдерін әуе кемесін пайдаланушының орындамағаны үшін тиісті уақыт мерзіміне уақытша төмендету коэффициенттерін қолданбастан көрсетілген қызметтерді тұтынудың нақты орындалған көлеміне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қайта есептеу түрінде жауапкершілігін көздейді.

Бұл талап осы Ереженің 6-тармағы 3) тармақшасының негізінде төмендету коэффициенттерін ұсынған жағдайда қолданылмайды.

Әуежай немесе аэронавигациялық ұйым мен әуе кемелерін пайдаланушы арасындағы шарт (шартқа қосымша) осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген бұйрық күшіне енген күнінен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірмей жасалады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 17.06.2014 № 136-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Әуежайлар мен аэронавигация реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау тәртібі

Ескерту: 5-бөлімнің тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 79-НҚ бұйрығымен.

. Уақытша төмендету коэффициентінің қолданысы бекітілген мерзім өткеннен кейін, сондай-ақ уәкілетті орган әуежай мен аэронавигация реттеліп көрсетілетін қызметтеріне жаңа тарифтер бекіткен сәттен бастап тоқтатылады.

Ескерту: 21-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 79-НҚ бұйрығымен.

22. Бекітілген уақытша төмендету коэффициенті бекітілген мерзім аяқталғанға дейін немесе мынадай жағдайлардың біреуі болған кезде:

1) уақытша төмендету коэффициентін одан әрі қолданудың экономикалық мақсатсыздығы жағдайында;

2) әуе кемелерін пайдаланушының әуежай немесе аэронавигациялық ұйым алдындағы мерзімі өткен кредиторлық берешегінің пайда болған немесе өтеу кестесін орындамаған жағдайда;

3) осы Ереженің 5, 6-тармақтарында бекітілген өлшемдерге сәйкес келмеген,;

4) бұйрықта және осы Ереженің 20-тармағына сәйкес жасалған шартта (шартқа толықтыруда) көзделген жағдайларды орындамаған жағдайда алып тасталынады.

Ескерту: 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2010.12.30 N 360-НҚ (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

23. Осы Ереженің 22-тармағында көрсетілген жағдайлар пайда болған кезде, әуежай немесе аэронавигациялық ұйым бұл туралы ақпаратты уәкілетті органға үш жұмыс күнінің ішінде ұсынады.

Ескерту: 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2010.12.30 N 360-НҚ (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

24. Құзыретті орган, әуежай және аэронавигациялық ұйым өз бастамасы бойынша уәкілетті органға бекітілген уақытша төмендету коэффициенттерінің күшін жою туралы ұсыныс жасай алады, бұл ретте осындай күшін жоюды негіздейтін құжаттарды ұсынады.

Осы Ереженің 5 және 6-тармақтарында көрсетілген талаптар орындалмаған жағдайда, уәкілетті орган да уақытша төмендету коэффициенттерінің күшін жоюға бастама көтереді. Бұл ретте уәкілетті орган құзыретті органнан, әуежайдан және аэронавигация ұйымынан дәлелді жазбаша қорытындыны сұратады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25. Уәкілетті орган материалдарды алғаннан бастап күнтізбелік 30 күн ішінде уақытша төмендету коэффициенттерінің күшін жоюды бас негіздейтін құжаттарға сараптама жүргізеді.

Жүргізілген сараптама қорытындылары бойынша уәкілетті орган уақытша төмендету коэффициенттерінің күшін жою жөнінде шешім қабылдайды немесе құзыретті органға, әуежайға және аэронавигация ұйымына уақытша төмендету коэффициенттерінің күшін жоюға негіздің жоқтығы туралы дәлелді қорытындыны жолдайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Уәкілетті орган уақытша төмендету коэффициенттерінің күшін жою туралы бұйырықты құзыретті органға, әуе кемелерін пайдаланушыға, әуежайға және (немесе) аэронавигация ұйымына уәкілетті органның бұйрығы қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей жолдайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау туралы ұсыныс қабылданбаған жағдайда уәкілетті орган уәждемелі қорытынды шығарады және құзыретті органға, әуежайға және аэронавигациялық ұйымға, сондай-ақ осындай ұсыныс жасаған тұлғаға жібереді.

Әуежайлар мен аэронавигация
қызметтерінің тарифтеріне
(бағаларына, алым ставкаларына)
уақытша төмендету коэффициенттерін
бекіту ережесіне
1-қосымша

Әуежайлар мен аэронавигация қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту үшін өтінім

беруші ұсынатын материалдар

Ескерту: Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 79-НҚ; ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. Әуежайлардың немесе аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметіне уақытша төмендету коэффициентінің деңгейі, сондай-ақ оны ұсыну кезеңіне көрсетілген уақытша төмендету коэффициентін алуға өтінім (еркін түрде).

2. Өтінім берушінің толық атауы (жеке немесе заңды тұлға), мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі (заңды тұлға), жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға).

3. Уақытша төмендету коэффициентінің сұралып отырған деңгейінің есебін қоса, бекітудің мақсаттылығы (экономикалық және техникалық аспектілері) туралы анықтама-негіздеме.

4. Өтінім берушінің баланс көлеміндегі қаржы-шаруашылық қызметінің талдауы және алдағы кезеңге (тоқсан, жарты жыл, жыл) түсіндірме жазба.

5. Сұралып отырған кезеңге уақытша төмендету коэффициентін қолдануды ескере отырып және ескерусіз, өткен жылдың (тоқсан, жарты жыл, 9 ай, жыл) және өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғандағы салық міндеттерінің (салық түрлерінің бөлігінде) өсу (сақталу) динамикасы туралы анықтама-негіздеме.

6. Ағымдағы айдың бірінші күніне әуе кемелерін пайдаланушының әуежай немесе аэронавигациялық ұйым арасындағы өзара есеп айырысуды салыстыру актісі. Несиелік берешегі бар болған жағдайда - әуе кемелерін пайдаланушының әуежай және (немесе) аэронавигациялық ұйым алдындағы мерзімі өтіп кеткен несиелік берешегін өтеу кестесі.

7. Әуежайлардың немесе аэронавигациялық ұйымның реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынудың заттай және құндық көріністе тоқсандарға бөлінген нақты (алдыңғы аяқталған төрт тоқсан және алдыңғы күнтізбелік жыл) және жоспарланған мәлімделген көлемдері. Тұтыну көлемдері табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік реттеуге жататын әуежайдың немесе аэронавигациялық ұйымның әрбір қызметі бойынша көрсетіледі.

8. Егер өтінім беруші әуежай немесе аэронавигациялық ұйым болған жағдайда - сұратылған кезеңде уақытша төмендету коэффициентін қолданып және қолданбастан әуе кемелерін пайдаланушыға реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету бойынша әуежайдың немесе аэронавигациялық ұйымның табыстары, шығыстары деңгейінің тоқсандарға бөлінген болжамды көрсеткіштері.

Егер өтінім беруші әуе кемелерін пайдаланушы болған жағдайда жоспарланған кезеңге уақытша төмендету коэффициенттерін қолданып және қолданбастан әуежайдың және (немесе) аэронавигациялық ұйымның реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтыну жағдайында әуе кемелерін пайдаланушының табыстары деңгейінің тоқсандарға бөлінген болжамды көрсеткіштері.

Бұл ретте өтінім беруші табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік реттеуге жататын әуежайдың немесе

аэронавигациялық ұйымның әрбір қызметінің бөлінісінде барлық есептерді келтіреді.

Әуежайлар мен аэронавигация
қызметтерінің тарифтеріне
(бағаларына, алым ставкаларына)
уақытша төмендету коэффициенттерін
бекіту ережесіне
2-қосымша

Әуежайлар мен аэронавигация реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту кезінде әуежайлар мен аэронавигациялық ұйымның тоқсан сайын ұсынатын материалдары

Ескерту: Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 79-НҚ; ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 146-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

. Уақытша төмендету коэффициенті бекітілген реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету бойынша әуе кемелерін пайдаланушымен жасасқан шарттар туралы ақпарат.

2. Әрбір әуе кемелерін пайдаланушы бойынша уақытша төмендету коэффициенті бекітілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты орындалған көлемі.

3. Уақытша төмендету коэффициентін бекіту нәтижесінде әуежай мен аэронавигациялық ұйымның әрбір әуе кемелерін пайдаланушы бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер көрсетуден түскен қосымша табыстарының немесе шығындарының көлемі.

Ескерту:

Материалдар табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес әуежайдың немесе аэронавигациялық ұйымның реттеліп көрсетілетін әрбір қызметінің бөлінісінде ұсынылады.

Әуежайлар мен аэронавигация
қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына,
алым ставкаларына) уақытша төмендету
коэффициенттерін бекіту ережесіне
3-қосымша

Ескерту: 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2010.12.30 N 360-НҚ (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша шартты-ауыспалы шығындардың тізбесі

№	Қызметтердің атауы	Шығыс баптары
1	Әуе кемесінің ұшуы мен қонуын (қабылдау мен шығаруын) қамтамасыз ету қызметтері	
1.1	Өндірістік-диспетчерлік қызметтің арнайы техникасын ұстау және пайдалану	Материалдық шығындар
1.2	Арнайы техниканы ұстау және пайдалану	Материалдық шығындар
1.3	Ұшу – қонуда жарық техникасымен қамтамасыз ету	Материалдық шығындар
1.4	Авариялық құтқару жұмыстары қызметтері	Материалдық шығындар
1.5	Авариялық - қону жолағын ағымдағы жөндеу	Жөндеу
2	Авариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтері	
2.1	Әуежайдағы өткізу және объектішілік режимдерді жүзеге асыру	Материалдық шығындар
2.2	Тұрақтағы әуе кемелерін тұрағын күзету	Материалдық шығындар
3	Әуежайда өңдеуге (тиегуге және/немесе түсіруге) жататын жүктер (почталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне қонғаннан кейін үш сағаттан және жүк тасымалдайтын және жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификатталған үлгілері үшін алты сағаттан астам тұрақ орнын беру, әуе кемесіне базалық әуеайлақта тұрақ орнын беру	
3.1	Тұрақ орнын ұстау	Материалдық шығындар
3.2	Тұрақ орнын жарықтандыру	Материалдық шығындар
3.3	Тұрақ орнын ағымдағы жөндеу	Жөндеу
4	Жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңын) беру	
4.1	Жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңын) ұстау	Материалдық шығындар
4.2	Жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңын) ағымдағы жөндеу	Жөндеу